



Посольство  
Великобритании  
Астана

## Астанада Ұлыбритания елшілігі

Космонавтов көшесі, 62-үй,  
Ренко ғимараты, 6-қабат  
Астана 010000  
Қазақстан Республикасы

<https://www.gov.uk/government/world/kazakhstan>

<https://www.facebook.com/BritishEmbassyKazakhstan>

<https://twitter.com/ukinkz>



Посольство  
Великобритании  
Астана

Британия үкіметі Қазақстанда 2011 - 2015 жылдар кезеңінде  
қаржыландырған жобалар мен іс-шараларға шолу

Астана 2014 ж.





2011 жылғы 3 сәуірде Қазақстандағы Президент сайлауы. Ұлыбритания Елшілігінің фотосы.

## Алғысөз: Кэролин Браун, Қазақстанда Ұлыбританияның елшісі



Сіздерге осы жарияланымның екінші басылымына қош келдіңіздер дейміз. Біздің мақсатымыз бұрынғыдай, британ үкіметі қаржыландыратын Қазақстандағы әр түрлі жобаларды және іс-шараларды шолуды ұсыну. Осы жобалардың және іс-шаралардың барлығы ортақ мақсатқа ие – қазақстан азаматтар мен қазақстандық мекемелердің барлығы үшін үздік болашақты құруда күш-жігерін қолдау. Заманауи ғаламдық әлемдегі барлық табысты қоғамдар үш сипаттамаға негізделеді – адам құқықтарын құрметтеу, демократия және тиімді басқару. Бұл Қазақстан үшін де, басқа елдер үшін де әділ. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғанына 23 жыл толғанын атап өту қажет. Осы уақыт ішінді Қазақстан 1991 жылдың аяғында Кеңес Одағы құлағаннан кейінгі экономикалық және саяси хаостан елдің қазіргі жағдайына дейінгі жолды өтті, оның

көрсеткіштері Бүкіләлемдік банк өлшемдері бойынша әлем елдері үшін «табыстың орташа деңгейі» биіктік планкасына дейін жетеді және ол Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру қарсаңында тұр. 23 жыл ішінде көптеген нәрсе болды. Әрине, Қазақстан және оның әріптестері ұмтылатын қоғам құру үшін бір ғана ұрпақ өтпейді. Міне осы үшін біз ұлттық табыстың өсімімен, Қазақстан Республикасы Үкіметі БҰҰ Даму бағдарламасы, Еуропадағы Ынтымақтастық бойынша ұйым (алғашында – «Хельсинки Процесі») және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы сияқты әлеуметтік және экономикалық дамудың жетекші халықаралық органдарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасауды жалғастыру ақиқатын қолдаймыз. Осылайша, осы брошюрада баяндалған жобалар Қазақстан өзі үшін материалдық және тәжірибелік тәсілмен таңдап алған жолды британ үкіметі

қолдайтынының қысқаша мазмұны болып табылады. Бұл жобалар қызметтің көптеген салаларында кеңінен түрленеді. Кейбіреулері біраз уақыт бұрын басталған өз қызметін жалғастыруда, басқалары Қазақстандағы жалпы жағдайды дамытуды жаслғастыруда. Басқа жобалар – бизнес және адам құқықтары - біз үшін және біздің қазақстандық әріптестеріміз үшін қызметтің жаңа бағыттары. Біз бұл жұмысты мақтан етеміз және сіз, құрметті оқырман неге екенін түсініп, алдағы жұмыста Қазақстанға сіздердің қалай көмек көрсете алатыныңыз туралы ойланатыныңызға сенеміз.





Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігі Баспасөз қызметінің фотосы.

## Қазақстанда Ұлыбританияның жалпы басымдықтары

### Миссия:

Қазақстанда Британия елшілігінің ролі дамып келе жатқан британия-қазақстандық қатынастарына және Ұлыбритания басымдықтарын қолдауда Қазақстанның оң дамуына көмектесу болып табылады. Біздер бұған біздің елдер қажетіне бірлескен жұмыс жағдайында серіктестік өзара қарым-қатынастар мен ынтымақтастық негізінде қол жеткіземіз.

Қазақстанда 1992 жылы Ұлыбритания елшілігі ашылған сәттен бастап көптеген жобалар іске асырылды. Бұған екіжақты көмек бюджеті (ЕКБ) мен адам құқығын қорғау және демократия (АҚҚД) бағдарламалары кірді. АҚҚД бағдарламасы шетелде адам құқығы мен демократия бойынша жұмысты қолдауға СИМ арнайы қоры болып табылады. Бағдарлама адамның өмір сүру деңгейін

өзгертуге, адам құқығын қорғау үшін үкімет пен азаматтық қоғамға көмек көрсету және әлеуетін дамытуға бағытталған. Екіжақты көмек бағдарламасы түрлі тақырып бойынша шағын жобаларды дамытуды қарастырады. 2011 – 2015 жылдар аралығында Астанада Британия елшілігі осындай текті жобаларға 1.2 миллионнан астам фунт стерлинг (шамамен 350 миллион теңге) бөлді. Әскери ынтымақтастықтың жеке бюджеті бар. Дербес жағдайда, 2008 – 2015 жж. 2.8 миллионнан астам фунт стерлинг (820 миллион теңге) игерілді.

Астанада Британия елшілігі жобаларының басты негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- Өзін таныту еркіндігі;
- Азаптауды болдырмау;
- Өлім жазасын жою;
- Түрме реформасы;
- Діни сенім және дін еркіндігі;
- Әйелдер құқығы;
- Ұжымдық жауаптылық;
- Адам құқығы туралы хабардарлық;
- Демократия, мөлдірлік және есеп беру;
- Инвестициялық климат;
- Экономикалық құқық;
- Әскери ынтымақтастық.



## Өзін таныту еркіндігі

2011 - 14 жобалар:

**«Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдарының мүдделерін қорғау және қолдау үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен медиялық ҰЕҰ заңгерлерінің кәсіби деңгейін нығайту»**

Журналистер құқығын барынша тиімді қорғауға және қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңды көзқарасты білдіруде үлкен еркіндікке бағытталған бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері мен заңгерлері, ҰЕҰ кәсіби деңгейін нығайту

**«Қазақстанда бәсекеге қабілетті медиялық рыноктарды дамыту үшін бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекеттік қаржыландыру жүйесін реформалау» мәселесі бойынша дөңгелек үстел**

Тендерлерге қатысудың нақты және объективті процестері жағдайында берік, тәуелсіз және бәсекеге қабілетті медиялық кеңістік үшін жағдай туғызатын бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекеттік қаржыландырудың барынша мөлдір жүйесі.

**Тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау: ҰЕҰ арасында адам құқықтары, бұқаралық ақпарат құралдары мен үкімет арасында біріккен және орнықты демократиялық басқару үшін серіктестік құру»**

Журналистерді адам құқығы саласында бірқатар мәселелер бойынша барынша сапалы және нақты репортерлік жұмысқа ынталандыру жағдайында қоғамдық кампаниялар деңгейін жақсарту мақсатында журналистер мен құқық қорғаушыларды біріктіру.

**«Қазақстанда адам құқығы бойынша жағдайды журналистердің бұқаралық ақпарат құралдарында құзыретті түрде мәлімдеу»**

Адам құқықтары бойынша мәселелерді әрі қарай ауқымды жариялау мен Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдарында бұзушылықтарды айқындау үшін журналистік ортада адам құқығы мәселелері бойынша стандарттарды ұстану.

**«Қазақстанда бәсекеге қабілетті медиялық ортаны дамыту үшін бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекеттік қаржыландыру жүйесін реформалау»**

Тендерлерге қатысудың нақты және объективті процестері жағдайында берік, тәуелсіз және бәсекеге қабілетті медиялық кеңістік үшін жағдай туғызатын бұқаралық ақпарат



2013 жылғы 24 желтоқсанда Астанада БАҚ белсенділеріне арналған тренинг. Ұлыбритания Елшілігінің фотосы.

құралдарын мемлекеттік қаржыландырудың барынша мөлдір жүйесі.

**2011 - 14 жобалардың орындаушылар: (Солтүстік Қазақстан) Құқықтық Медиа Орталық және Институт Соғыс пен бейбіт өмірді шолу бойынша**



## Азаптауды болдырмау

2011 - 15 жобалар:

**«Қазақстанда ұлттық алдын алу тетіктерін тиімді іске асыру»**

Сотқа дейінгі тұтқынға алуға және полицияға назар аударатырып Қазақстандағы ҰАТ тиімді жұмысын қолдау. ҰАТ бойынша жұмыс туралы хабардарлылықты арттыру. ҰАТ мүшелері бүкіл ел бойынша тұтқынға алудың алдын ала орындарын бақылау үшін жабдыққа ие.

**«Қазақстанда ұлттық алдын алу тетік құру»**

Адам құқығы бойынша уәкілетті мен азаматтық қоғам серіктестігіне негізделген Қазақстанда әрекет етуші және тиімді ҰАТ құруға көмек көрсету. Бұған Үйлестіру кеңесін сайлау мен бекіту, азаматтар хабардарлығы деңгейін арттыру, ҰАТ

мүшелерін оқыту және ҰАТ процессуалдық нормаларын дамыту кіреді.

**«Қоғамдық бақылау комиссиясының Үйлестіру кеңесінің әлеуетін нығайту»**

Ұлттық Превентивті Тетік құруда көмек бөлігі ретінде 11 өңірде Ішкі істер министрлігі мен Қылмыстық-атқару комитеті жанындағы түзету мекемелеріне қоғамдық бақылау жүйесін жетілдіру. Бұл 11 өңірде жабық мекемелерде олардың әлеуетін нығайту, ҚБКҮК үшін қағидалар мен ережелер әзірлеу және мониторинг жолымен ҚБК әдістемелік қолдау көрсетуді қамтиды.

**«Қазақстанда қоғамдық бақылау кеңестерінің коалициясын құру»**

Жоба қылмыстық сот жүйесінде азаптау мен

қаталдықты болдырмауға бағытталған қоғамдық бақылау кеңестерінің тиімді және жалпы ұлттық коалицияларын құруға көмектесті және түрлі өңірлік ҚБК арасында оң тәжірибе таралуына бағытталатын болады.

**Қазақстан заңнамасы мен құқық қолдану практикасында азаптауға қарсы қорғаныс шараларын біріктіру**

Қазақстанда заңнамалық және құқықтық шаралар көмегімен азаптауды тоқтату бойынша, сондай-ақ әлеуетті нығайту бойынша шараларды 2011 жылғы БҰҰ Адам құқығы комитетінің ұсыныстарымен біріктіруге көмектесу.

**«БҰҰ қосалқы комитетінің азаптауды болдырмау бойынша және Қазақстанда азаптау мәселелері бойынша арнайы баяндамашы ұсыныстары» бойынша**



2013 жылғы қарашада Қазақстанда ұлттық превентивті тетікті іске асырудың практикалық сұрақтары бойынша конференция. Ұлыбритания Елшілігінің фотосы.

**Қазақстан мен Қырғызстанда азаптаумен күресте азаматтық қоғам институтын нығайту және әлеуетін арттыру»**

Жабық мекемелерді бақылау бойынша оңалтудың білім беретін пилоттық жүйесін құру жолымен Қазақстанда ҰПТ үлес қосу.

**«Қоғамдық бақылау комитеті жүйесін жетілдіру»**

Түрмелерде, күзет астында сотқа дейінгі ұстау орталықтары мен уақытша бас еркіндігінен айыратын басқа орындарда қоғамдық бақылау жүйесін нығайту жолымен тұтқындар құқығын жақсарту. Жоба ҚБК жұмысының барынша тиімді және орнықты нәтижелерін қамтамасыз етіп оның қолданыстағы жүйесінің әлеуетін арттыру үшін сараптамалық қолдауды

қарастырады.

**2011 - 15 жобалардың орындаушылар: Орталық Азияда халықаралық түрме реформасы, Қоғамдық бақылау комиссиялары ісі бойынша үйлестіру кеңесі мен құқықтық саясаттың ғылыми-зерттеу орталығы**



## Өлім жазасын жою

**2011 - 14 жобалар:**

**«Орталық Азияда жартылай аболиционизм: өлім жазасын жою процесін қалай жылжыту керек»**

«Орталық Азияда жартылай аболиционизм: өлім жазасын жою процесін қалай жылжыту керек» тақырыбына конференция өткізу жолымен Қазақстан мен Қырғызстанда өмір бойы қамау жүйесін жетілдіру мен өлім жазасын жою процесін қолдау

**«2004 жылғы мараторийдің халықаралық нормалары мен стандарттарына сәйкес өлім жазасына кесілген тұлғалардың құқықтық мәртебесі»**

Өмір бойы және ұзақ үкімдердің қолданылуына, жағдайды жақсарту, сондай-ақ осы сотталғандар құқығының сақталуына қатысты

заңнамалық проблемаларды шешу

**«Халықаралық адам құқығы стандарттарын қолдайтын баламалар мен өлім жазасын прогрессивті жою»**

Өлім жазасын прогрессивті жою үшін іздену арқылы Қазақстанда адам құқығының сақталуын қолдау және өмір бойына қамау баламасын қолдау

**«Парламентті өлім жазасына қарсы күреске тарту»**

Қазақстанда өлім жазасын прогрессивті жоюға бағытталған құқықтық және саяси реформаларын өткізу бойынша жұмыста парламентке қолдау көрсету және әлеует құру.

**2011 - 14 жобалардың орындаушылар: Халықаралық түрме реформасы мен Адам**



**Бүкілілемдік өлім жазасын жою күні, Астана, Қазақстан, 10 қазан 2011 жыл. Ұлыбритания Елшілігінің фотосы.**

**құқығына күрес хартиясы**

## Түрме реформасы

**2011 - 15 жобалар:**

**«Қылмыстық және қылмыс-проссуалдық кодекстер» жобалары бойынша дөңгелек үстел**

Мемлекеттік шенеуліктер, халықаралық сарапшылар мен халықаралық ұйымдардың қатысуымен қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық кодекстердің жаңа жобаларын талқылау.

**«Екінші түрме форумы»**

Қайта әлеуметтендіру жұмысының бөлігі ретінде тұтқынға алынған адамдардың жұмысбастылығы мәселелері қозғалды. «Тұтқынға алынған адамдар үшін 100 кәсіп» жетекші принциптері мен тұтқынға алынғандардың жұмысқа орналасуына көмек көрсету базасын құру бойынша ұсыныстар жиынтығы ұсынылды.

**«Машықтану үшін танысу сапары»**

Негізгі мүдделі тараптардың жазаларды орындау жүйесі шеңберінде машықтану мүмкіндіктері туралы хабардарлығын арттыру. Қазақстандағы қылмыстық соттың тиісті мүдделі тараптарын Ұлыбританияда және Еуропада машықтану саясатына және тәжірибесіне тарту.

**«Қылмыстық сот және түрме реформасы бастамасы: еңбекпен қамту қызметтері мен байқау арқылы бұрынғы сотталғандарды қайта біріктіру»**

Қылмыстық кодексты реформалау бөлігі ретінде Қазақстанда бұрынғы сотталғандарды жұмысқа орналастыруды қоса байқау қызметтері арқылы әлеуметтік дамытудың тиімді

бағдарламасын қамтамасыз етуде мемлекеттік шенеуліктерге қолдау.

**«Заманауи қылмыстық құқықты қолдануда құқықтық шарттар бойынша ЕО алдыңғы қатарлы тәжірибесі (Адам құқығына қатысты қылмыстық заңнама жүйесін қабылдау арқылы қазақстанның қылмыстық сот жүйесін күшейту)»**

Қазақстанда заманауи қылмыстық сотта шартты босату бойынша баламалар пайдалануын қолдау.

**2011-15 жобаларды орындаушы: Орталық Азияда халықаралық түрме реформасы**



## Діни сенім және дін еркіндігі

**2012 - 14 жобасы:**

**Қазақстанда діни еркіндікті күшейту**

Қазақстанда діни сенім еркіндігіне қатысты құқықтық базаны жетілдіру және діни

еркіндікке қатысты қоғамдық төзу мен түсінік деңгейін халықаралық стандарттар көлеміне көтеру. Қазақстанның мемлекеттік қызметкерлері мен жастар тобының діни сенім еркіндігі мәселелері бойынша

хабардарлық деңгейін арттыру

**2012 - 14 жобасының орындаушы: Астана Консалтинг Орталығы**



2010 жылғы 25 ақпанда Қазақстанның Жоғарғы мүфтиінің Варси Баронессамен кездесуі. Ұлыбритания Елшілігінің фотосы.

## Әйелдер құқығы

**2011 - 15 жобалар:**

**«Әйелдер-құқық бұзушылар бойынша баяндама презентациясы»**

Әйел құқықтарын ілгерілету және әйелдерге қатысты дискриминация және дискриминациялық заңдар үшін құрылымдық себептерді жою. Сонымен қатар, түрмедегі әйелдер қажеттіліктеріне жауап беретін гендерлік стратегиялардағы қажеттіліктерді анықтауға және шешілуі тиіс басымдықты бағыттарды анықтауға көмек.

**«Қазақстанда әйелдерді кемсітуге және олардың демократиялық процестерге қатысуына қатысты адам құқығы міндеттемелерін қолдау»**

Қазақстанда әйелдерді кемсітуге және олардың демократиялық процестерге

қатысуына қатысты адам құқығы міндеттемелерін қолдау

**«Қазақстан Республикасы Президенті жанында отбасы-демографиялық саясат және әйелдер ісі жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысына Қазақстан Республикасында гендерлік теңдік мәселелерін әрі қарай жетілдіруде қолдау көрсету»**

Уақтылы және барабар қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету, әділ сот және ұрып-соғудан зардап шеккендердің ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін гендерлік теңдік пен үйде ұрып-соғуға ұшырағандарға қатысты УПО ұсыныстарын орындау барысында барынша тиімді және жарамды әдістермен ынтымақтастық мәселелері бойынша жетекші жергілікті серіктестерге көмек көрсету, бұл нәтижесінде

Қазақстанда әйелдерге қатысты қол жұмсауды тоқтату мақсатында түрлі қатысатын әлеуметтік субъектілер арасында барынша үйлестірілген әрекетті қамтамасыз етеді.

**2011 - 15 жобалардың орындаушылар мен қосалқы гранттық орындаушылар: Халықаралық зертеу және білім беру орталығы, Қазақстанның БҰҰПР және «Құқық дамыту орталығы», «Ауыл әйелдері қауымдастығы», «Үміт» қоғамдық қор, «Орал әйелдері одағы» және «Құқық орталығы».**



## Ұжымдық жауапкершілік



2013 жылдың 21 ақпанында Ұлыбритания Елшілігінің қолдау көрсетуімен Құқықтық саясатты зерттеу орталығы ұйымдастырған, Адам құқықтары сұрақтары мен бизнес бойынша конференция. Ұлыбритания Елшілігінің фотосы.

2012 - 14 жобасы:

**«Қорға, Құрметте және Түзет» Біріккен Ұлттар Ұйымы тұжырымын Қазақстан саясаты мен бизнесіне біріктіру»**

Орталық Азия елдері үкіметі мен азаматтарына әсер ететін қақтығыстар мен қауіпсіздік мәселелерінің санын, көлемі мен қиындығын төмендетуге

бағытталған қауіпсіздік және әділеттік саласында адам құқығы бойынша халықаралық стандарттардың сәйкестік деңгейін арттыру және қолдану.

**«Қазақстанда бизнес пен адам құқығына қатысты БҰҰ жетекші қағидаттарын жылжыту»**

Қоғамды хабардар ету,

ғылыми-зерттеу және құқық қорғау қызметі бойынша компаниялар өткізу арқылы Қазақстанда адам құқығы мен бизнеске қатысты БҰҰ жетекші қағидаттарын енгізуге көмектесу.

**2012 - 14 жобасының орындаушы: Құқықтық Саясатты Зерттеу орталығы**

## Адам құқығы туралы хабардарлық

2011 - 15 жобалар:

**«Адам құқықтары бойынша БҰҰ күні 2014» тақырыбы бойынша студенттік дебаттар»**

Қазақстандағы адам құқықтары мәселелері бойынша пікірталастарды ынталандыру мақсатында студенттік дебаттар өткізу және мемлекеттік мүдделі тараптар, халықаралық ұйымдар мен кең қоғам арасында Британ елшілігі жобасы қызметі туралы ақпарат тарату арқылы адам құқықтары саласындағы хабардарлықты ұлғайту.

**«Бүкіләлемдік Фотокөрме 2014»**

Бірегей жылжымалы көрменің Халықаралық адам құқықтары күні құрметіне Қазақстанға және Қырғызстанға келуі. Көрме Нидерланд Елшілігімен, Еуропалық Одақ Үкіметімен және Канада Елшілігімен

бірлесе қаржыландырылады.

**«Мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттарының насихаттық қызметі» дөңгелек үстелі**

2014 жылы қазанда өткен БҰҰ Әмбебап кезеңдік шолу барысы туралы ақпаратты тарату арқылы мемлекеттік мүдделі тараптар, халықаралық ұйымдар және кең қоғам арасында адам құқықтары туралы хабардарлықты ұлғайту және Адам құқықтары күнін тойлау.

**«2012 жылы Адам құқықтары бойынша ұлттық баяндама»**

2012 жылы Қазақстанда адам құқықтары бойынша жағдайға хабардарлық деңгейін арттыру. Бұған үш тілде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде есепті жариялау, сондай-ақ оны 2013 жылы Сыртқы істер министрлігіне таныстыру кіреді.

**«Жалпы Адам құқығы декларациясын қабылдау күніне 65 жыл толуына арналған ұлттық адам құқығын қорғау күні»**

Мүдделі мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар мен азаматтық қоғамдар арасында хабардарлық деңгейін арттыру.

**«2011 жылы Адам құқығы бойынша ұлттық баяндама»**

2011 жылы Қазақстанда адам құқығы бойынша жағдай туралы қоғам хабардарлығын арттыру жолымен БҰҰ (УПО) әмбебап кезеңді шолуының ұсыныстары мен Адам құқығы бойынша ұлттық іс-әрекет жоспарын әрі қарай іске асыру.

**«Адам құқығын қорғау күні – Адам құқығын қорғау бойынша халықаралық және мемлекеттік тетіктер»**

Мүдделі мемлекеттік органдар,



2010 жылғы 23 қыркүйекте адам құқықтары бойынша есептің таныстырылымы. Ұлыбритания Елшілігінің фотосы.

халықаралық ұйымдар мен азаматтық қоғамдар арасында хабардарлық деңгейін арттыру.

**«2010 жылы адам құқығы бойынша ұлттық баяндама»**

2009 - 2012 жылдардағы адам құқығы бойынша ұлттық іс-

әрекеттер жоспары мен 2010 жылы Қазақстанда адам құқығы бойынша жағдай туралы хабардарлықты арттыружолымен БҰҰ (УПО) әмбебап кезеңді шолу ұсыныстарын әрі қарай іске асыру.

**2011 - 15 жобалардың орындаушылар: Қазақстан Республикасы Президенті жанында адам құқығы бойынша комиссия, «Ел Дарын» халықаралық адам дамыту қауымдастығы» қоғамдық қоры және Ұлыбритания елшілігі**

## Демократия, мөлдірлік және есеп беру

**2011 - 15 жобалар:**

**Қазақстанда ӨСАБ (Өндіру Салаларындағы Ашықтық Бастамалары) іске асыру туралы хабардарлықты арттыру**

Атырау және Батыс-Қазақстан облыстарына бағытталған «ӨСАБ шегіне шығу» жобасын бақылаңыз. Жаңа жоба қоғам арасындағы хабардарлық деңгейін арттыруға бағытталған. Қазақстанда ӨСАБ жобасы туралы хабардарлықты арттыру және оны Қазақстанда іске асыру Ұлттық мүдделі тараптар кеңесінің (ҰМТК) тиімді жұмысына жәрдемдесуі тиіс.

**«ӨСАБ (Өндіру Салаларындағы Ашықтық Бастамалары) шегінен шығу: жергілікті деңгейде өңірлік билік, бизнес және азаматтық қоғамның өзара әрекет ету институттарын құру және көмек көрсету»**

Игеруші компаниялар мөлдірлігін, жергілікті мемлекеттік органдардың есеп беруін қамтамасыз ету мен Ұлыбритания кеңесі тәжірибесіне сүйеніп азаматтық қоғамды белсендіру мақсатында Қазақстанның екі мұнай игеруші өңірлерінде әлеуметтік инвестиция үшін қоғамдық кеңестер құру мен алға жылжыту.

**«Бірге шешім қабылдаңыздар!»**

Тиісті ақпарат тарату арқылы жергілікті деңгейде шешімдер қабылдау процестерінде ауыл қауымдарының қатысуын ұлғайту. Өзін-өзі басқаруды дамыту үшін қауымдар мен жергілікті билік органдары арасындағы өзара әрекеттесуді ынталандыру.

**«Қазақстанда қылмыстық сот реформаларын ілгерілету»**

Бүкіл сот процесі ағымында

тиісті құқықтық процедураны нығайтуға көмек және түрме қамауына альтернативалар қолдану. Сонымен қатар, сот қарауын дайындауға көмек, қамауға алуды және профилактикалық іс-шараларды реттеу, сондай-ақ Қазақстанда қылмыстық қылмыстық іс жүргізу заңнамасын одан әрі дамыту үшін адвокаттар мәртебесін арттыру.

**«Әкімдер сайлауына мониторинг»**

Қазақстанда әкімдер сайлануының өткізілуіне бақылау және электоралдық билікке сайлау процестерін халықаралық демократиялық стандарттарға сәйкес деңгейіне шығаруға бағытталған ұсыныстар беру.

**«Мемлекеттік қызметтерге шығындарды өлшеу тетіктерінің мөлдірлігі»**



Қоғамның хабардарлық деңгейін арттыру және азаматтардың жергілікті өзі басқару мен мемлекеттік бюджет мөлдірлігін анықтауға қатысу құқығы ретінде мемлекеттік қызметтерге шығындарды анықтауға қатысу.

### «Қазақстанда жергілікті деңгейде құқықтар мен қызметтер бойынша әлеуметтік платформаларды нығайту»

Әлсіз топтар мен олардың құқықтарын Қазақстанда облыстық (өңірлік) деңгейде білдіретін азаматтық қоғам ұйымдарына қолдау.

### «Қоғамдық/Әлеуметтік мониторинг/Шолымдық заңнама»

Қазақстан үкіметіне азаматтық қоғам пікірлерін есепке қабылдау үшін қоғамдық мониторинг бойынша заңнама әзірлеуге көмек көрсету.

### «Сайлау және демократия»

Кеңестірілген қоғамдық талқылау жүргізу жолымен



2010 жылғы маусымдағы ЕҚЫҰ телеранттылық пен кемсітпеушілік бойынша конференция. Ұлыбритания Елшілігінің фотосы.

демократиялық стандарттармен заңнаманы сәйкес келтіру үшін Қазақстан Республикасында сайлау туралы заңға қажетті түзетулер енгізу.

### «Қазақстан Республикасында парламент сайлауының өткізілуіне жергілікті азаматтық қоғам бақылауын алға жылжыту»

Бақылаушылардың түрлі топтары арасында әдістеме мен өзара әрекетті жетілдіру арқылы қазіргі және келешек сайлауға ішкі бақылаудың ұзақ мерзімді тиімділігін арттыру.

### «Қазақстанның ХАСҚП енгізуі туралы балама қоғамдық есебі»

Астанада дипломатиялық өкілдіктер брифингі арқылы

Қазақстанның халықаралық азаматтық және саяси құқықтар туралы пакті бойынша өз міндеттемелерін орындауы туралы хабардарлықты арттыру және толық іске асыруды қамтамасыз ету бойынша әрі қарайғы ағымдарды әзірлеуге бағытталған қоғамдық және мемлекеттік органдар өкілдері арасында дөңгелек үстел басында талқылау.

2011 - 15 жобалардың орындаушылар: Қазақстанның тәуелсіз ұрпағы, ЭХО қоғамдық қоры, «ЗУБР» қоғамдық ұжымдық қор, Халықаралық зерттеу және білім беру орталығы», «Шырақ», «АРГО», Адам құқығы хартиясы және Қазақстан халықаралық адам құқығы және заңдылық сақталуы бюросы

## Инвестициялық климат

2011 - 15 жобалар:

### «Қазақстандық қаржыгерлер мен заңгерлерді Ислам Қаржы Жүйесі бойынша оқыту»

Ұлыбританияның бірлескен тәжірибесі және Исламдық қаржы реттеуіндегі тәжірибе және Ұлыбританияны дәстүрлі қаржыландыруға енгізу және осы саладағы сарапшы ретінде ілгерілету.

### «Қазақстанда жаңартылған энергия көздерінің ашық нарығын ілгерілету»

2013 жылы жаңартылған энергия көздері секторын дамытуды қолдау туралы заңнаманы қабылдағаннан кейін Қазақстанда жаңартылған энергия көздері жобалары үшін техникалық стандарттарды реттеуге техникалық көмек көрсету. Ұлыбританияның «жасыл» стандарттарын ілгерілету және нарықты зерттеу арқылы қалдықтарды

азайтуға көмектесу.

### «Инвестициялық климатты жақсарту»

Шетел инвесторлары үшін әкімшілік кедергілерді жою бойынша Қазақстанның инвестициялық заңнамасын немесе ұсыныстар әзірлеу.

### «Ұлыбритания мен Қазақстан арасында ислам қаржы секторында серіктестік қатынастарды дамыту»

Британия және Қазақстан қаржылық және үкімет институттары арасында байланысты орнату және ислам қаржысының әлемдік орталығы ретінде Ұлыбритания көмегі.

### «Қазақстанда британдық «жасыл» саясатты жылжыту»

Қазақстандық компаниялармен серіктестік қарым-қатынастар қалыптастыруға әлеуетті

бағытталған салада өзара қарым-қатынастарды дамыту бойынша қазақстандық энергетикалық байланыстармен өзара байланыс саласында Ұлыбританияның «жасыл» мүмкіндіктері мен тәжірибесімен таныстыру.

### «Каспий өңіріне энергетикалық келешекті инвестициялау: мөлдірлік пен тиісті басқару арқылы энергия ресурстарына инвестициялау климатын жақсарту»

Мөлдірлік пен тиісті басқаруды қолдау жолымен Қазақстан, Түркменстан және Әзірбайжанның энергетикалық секторына қатысты инвестициялық климатты жақсарту.

### 2011 - 15 жобалардың орындаушылар: Ұлыбритания елшілігі мен Қазақстанның өнеркәсіптік палатасы

## Экономикалық құқықтар

Экономикалық құқықтар  
2012 - 13 жобасы:

«Маңғыстау облысында  
жергілікті деңгейде  
Қазақстанның экономикалық,  
әлеуметтік және мәдени  
құқықтары бойынша

халықаралық пактің іске  
асырылуын қолдау»

Маңғыстау облысының  
жергілікті билік органдары мен  
Қоғамдық кеңесімен  
ынтымақтастық шеңберінде  
Маңғыстау өңірінде

экономикалық, әлеуметтік  
және мәдени құқықтар  
бойынша халықаралық  
пакеттің енгізілуін қолдау.

**2012 - 13 жобасының  
орындаушы: Адам құқығы  
Хартиясы**



Бірлескен кәсіпорындарға халықаралық инвестициялар бойынша семинар: Ұлыбритания Елшілігі мен Қазақстан- британдық заң қауымдастығы ұйымдастырған, олардың құрылымы және дауларды шешу. Астана, 15 мамыр 2013 жыл. Ұлыбритания Елшілігінің фотосы.

## Әскери ынтымақтастық

Әскери ынтымақтастық мәселелері 2001 жылдан бері біздің өзара қарым-қатынастарымыздың бөлінбес бөлігі болып қалып отыр. Олар Ауғанстанда НАТО әскери әрекеттерін аяқтағаннан кейін Орталық Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстан ролінің маңыздылығын танумен байланысты соңғы жылдарда елеулі түрде нығайды. Сенім білдірілген байланыс құру мен әскери қарым-қатынастарды дамытуға мүмкіндік беретін министрліктер мен жоғары әскери шенеуніктердің жоғары деңгейде өзара әрекет етудің тұрақты қолданыстағы бағдарламасы бар. Қазақстанның Қорғаныс министрінің былтырғы Лондонға сапарында 160-бригада (Уэльск) Ұлыбританияның Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерімен әскри ынтымақтастыққа жауап

беретіні жарияланды. Әскери ынтымақтастық бағдарламасының кейбір тармақтары Астанада немесе Лондонда өткізілетін қорғаныс министрліктері штабтарының жыл сайынғы келіссөздерінде келіседі. Біздер сондай-ақ Қазақстанда әскери қызметкерлердің БҰҰ бейбітшілік орнату миссиясы көлемінде ағылшын тілін үйренуге қатысты бастамасын, олардың ДАЛА ҚЫРАНЫ жыл сайынғы оқуларында тактикалық даярлық және өткізу сияқты оқу курстарына қатысуына қолдау жасаймыз.

**Министрліктер мен жоғары лауазымды әскери шенеуніктермен жоғары деңгейде өзара әрекет ету бағдарламасы.**

Әскери ынтымақтастықтың кеңейтілген бағдарламасы Ұлыбританияның мемлекеттік хатшысының Астана қаласына

2012 жылғы ақпандағы сапарынан кейін, сондай-ақ Қазақстанның Қорғаныс министрінің 2013 жылғы қазанда Лондонға сапарынан кейін әзірленді. Осы екі сапар нәтижелері бойынша Ұлыбритания қорғаныс штабының бастығы мен Қазақстанның Қарулы күштерінің бас штабының бастығы арасында жиналыс өткізілді. Кездесуде қолжеткізілген сенімнің жоғары деңгейі барынша тығыз жұмысшы ынтымақтастыққа әкеледі.

**Қазақстанның Қарулы күштеріне ағылшын тілін үйрену мәселесінде көмек көрсету.**

Жыл сайын бірқатар қазақстандық студенттер Шривенхэм қаласында, Ұлыбритания Қорғаныс орталығының тілтану мен мәдениет факультетінде





2012 жылғы шілдеде британдық әскери нұсқаушылардың сапары. Ұлыбритания Елшілігінің фотосы.

ағылшын тілінің әскери курстарында оқиды. Тілдік қолдау Ұлыбританияның қорғаныс министрлігі қаржыландыратын Британия кеңесінің ағылшын тілін меңгеруде бейбіт бағдарламасы жобасының негізінде жүзеге асырылады, онда мұғалімдерге консультациялар мен оқу материалдарын беру арқылы көмек көрсетіледі. Жыл сайын Алматы қаласында бейбітшілік негізінде серіктестік орталығында ағылшын тілінің оқытушылары үшін семинар өткізіледі.

**Ұлыбританияда немесе Чех Республикасында британия әскери кеңесшілерінің оқу топтарында Қазақстанның Қаруы күштер студенттеріне оқу курстарын өткізу.**

Қазақстандық студенттердің шағын тобы жыл сайын Біріктірілген командалық-штабтық колледжде немесе Англияның Корольдік қорғаныс колледжінде, Сандхрет әскери училищесінде біліктілікті арттыру курсына барады. Бұдан

басқа кіші офицерлер мен сержанттардың көбі Британия әскери кеңесшілерінің оқу тобы жанында (Чех Республикасында) басқару және тактикалық басқарудың бейбіт курстарына қатысады. Соңғы 10 жыл ішінде 150 адам осындай оқудан өтті.

**ДАЛА ҚЫРАНЫ» жыл сайынғы өңірлік дайындықтарға қатысу арқылы бейбітшілікті қолдауға бағытталған тактикалық даярлыққа көмек.**

Ұлыбританияның әскери қызметкерлері 2003 жылдан бері ДАЛА ҚЫРАНЫ» даярлықтарына қатысады. Соңғы жылдарда Ұлыбританияның оқу топтары Қазақстанға жылына екі рет КАЗБРИГ батальоны үшін оқытушылар, жаттықтырушылар мен консультанттар жібереді. Бейбітшілікті қолдау бойынша миссия кезінде алынған Ұлыбританияның Қарулы күштерінің үлкен тәжірибесі бейбітшілікті қолдауда өзінің әлеуетін дамытатын қазақстандық бейбіт

батальондарымен жақсы қабылданды. Даярлық кезінде ДАЛА ҚЫРАНЫ 2013, КАЗБРИГ НАТОның оң бағасын алды.

**Ұлыбритания мен Қазақстанның Қарулы күштері үшін өзара қызығушылық тудыратын ауқымды мәселелер шеңбері бойынша жиі ақпарат алмасу.**

Жыл сайын Астана немесе Лондон қалаларында қорғаныс штабтарының келіссөздерінде ақпарат алмасуды қамтитын іс-әрекет бағдарламасы бекітіледі. Тақырыптар түрленіп отырады және соңғы уақытта мыналарды қамтиды: бейбіт операциялар бойынша заңнамалық талаптар, 2014 жылдан кейін Орталық Азияда қауіпсіздік, Кибер-қауіпсіздік және Қарулы Күштер мамандарының проблемалары.